

Лингвистикалық сараптама жүргізу ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1 Лингвистикалық сараптама жүргізу ережелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қыркүйектегі № 914 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 53-тармағына, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті (бұдан әрі – Комитет) мен «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – Орталық) арасында мемлекеттік тапсырманы орындау бойынша жасалған 2024 жылғы 1 ақпандағы № 3 шартқа 2-қосымша Мемлекеттік тапсырманың орындалуы бойынша күнтізбелік жоспардың 6-тармағына сәйкес әзірленді.

1.2 Лингвистикалық сараптама Республикалық терминология комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) отырыстарында қаралатын терминдерге алдын ала талдау жасап, қорытынды беру үшін жүргізіледі.

1.3 Лингвистикалық сараптама жүргізу жұмыстары Комиссияның жұмыс жоспары (бұдан әрі – жұмыс жоспары) ескеріле отырып жүзеге асырылады.

2. Лингвистикалық сараптама жүргізуге қойылатын талаптар

2.1 Комиссияның жұмыс жоспарына сәйкес әрбір отырыста қаралатын терминдер сарапшыларға лингвистикалық сараптама жүргізу үшін жолданады.

2.2 Лингвистикалық сараптама жүргізуге мынадай талаптар қойылады:

- 1) Комиссияға қарауға ұсынылатын терминдерге лингвистикалық сараптама жасап, қорытынды беру;
- 2) ұсынылған терминдерді салалық қолданысына қарай жан-жақты талдау;
- 3) терминнің салалық қолданысын көрсету (қазақ және орыс тілінде);
- 4) талқылауға ұсынылатын сала терминінің дефинициясын нақтылап ұсыну;
- 5) терминжасам принциптерін сақтау;
- 6) әрбір терминнің этимологиясын толық көрсету;
- 7) қазақ тілінің орфографиясы мен грамматикасы ережелерін басшылыққа алу;
- 8) Комиссия бұрын бекіткен термин және терминдік тіркестердің нақты бекітілген уақытын, саласын, бекітілген нұсқасын көрсету;
- 9) қарастырылып отырған сала бойынша терминнің ағылшын, неміс, түрік, өзбек тіліндегі баламасын көрсету;



10) терминдер мен терминдік тіркестердің заңнамадағы қолданысын көрсету (болған жағдайда, кемінде 5 мысал);

11) Комиссияға бекітуге ұсыныс беру.

3. Лингвистикалық сараптама жүргізуді ұйымдастыру

1. Лингвистикалық сараптама жүргізу жұмыстарын Орталық ұйымдастырады. Лингвистикалық сараптама жүргізу бойынша сарапшылар тобына филолог ғалымдар, филология, лингвистика, қазақ тілі мамандығы бойынша академиялық дәрежесі бар магистрлер және қажеттілікке қарай жұмыс жоспарына сәйкес салалар бойынша басқа да тиісті бағыттардың сала мамандары тартылады.

2. Терминдерге лингвистикалық сараптама жүргізу жұмыстары Комиссияның жоспарына сәйкес жүргізіледі.

3. Сарапшылар лингвистикалық сараптама жүргізу жұмыстарын termincom.kz сайтындағы автоматтандырылған жүйеде (<http://new.termincom.kz/Auth/login>) орындайды.

4. Лингвистикалық сараптама қорытындысы Комиссияның кезекті отырысында қаралатын терминдер тізбесімен бірге termincom.kz сайтының «Алаң» бөліміне орналастырылады және Комитетке жолданады.

5. Жыл соңында сараптама жүргізу бойынша Комитетке қорытынды ақпарат (шығармашылық есеп) беріледі.

